

**«Қарағанды облысы Денсаулық сақтау
басқармасы» мемлекеттік мекемесі, «SENIM»
Денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің
салалық кәсіптік одағы» республикалық
қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық
филиалы және «Медициналық ұйымдардың
Қазақстандық альянсы» республикалық
қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық
филиалы арасындағы
2018 -2019 жылдарға арналған**

ОБЛЫСТЫҚ САЛАЛЫҚ КЕЛІСІМ

Қарағанды қаласы, 2018 жыл

**«Қарағанды облысы Денсаулық сақтау басқармасы» ММ, «SENIM»
Денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы»
РҚБ Қарағанды облысының филиалы және «Медициналық
ұйымдардың Қазақстандық Альянсы» РҚБ Қарағанды облысы
бойынша филиалының арасындағы 2018-2019 жылдарға арналған
ОБЛЫСТЫҚ САЛАЛЫҚ КЕЛІСІМ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Әлеуметтік серіктестік тараптарының өкілетті өкілдері - Қарағанды облысының Денсаулық сақтау басқармасы (бұдан әрі – Басқарма), «SENIM» Денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» РҚБ Қарағанды облыстық филиалы (бұдан әрі – Кәсіподақ филиалы) және «Медициналық ұйымдардың Қазақстандық Альянсы» РҚБ Қарағанды облысы бойынша филиалы (бұдан әрі – МҰҚАЗА), бұдан әрі тараптар деп аталып Тараптардың сала жұмыскерлері үшін еңбек шарттарын, жұмыспен қамтуды және әлеуметтік кепілдіктерді белгілеу бойынша мазмұны мен міндеттерін белгілейтін 2018-2019 жылдарға арналған осы салалық келісімді (бұдан әрі – Келісім) жасасты.

2. Осы Келісім Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне, «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, денсаулық сақтау қызметкерлерінің әлеуметтік-экономикалық және еңбек құқықтық және мүддесіне қатысты Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен республикалық жұмыскерлер бірлестігінің және республикалық жұмыс берушілер бірлестігінің арасындағы 2018-2019 жылдарға арналған Бас Келісімге, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің, «SENIM» Денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» РҚБ және ОИП және «Ұлттық денсаулық сақтау палатасы» ЗТ 2018-2019 жылдарға арналған Салалық Келісімге сәйкес жасалған.

3. Осы Келісімнен туындайтын Ереже Тараптар үшін міндетті болып табылады, негізгі болып қызмет етеді және денсаулық сақтау ұйымдарында ұжымдық шарттар жасасу кезінде, алып тасталмайды және қысқартылмайды.

4. Келісім еңбекақы төлеу, жұмыс режімі, демалыс және жұмыскерлерді ұжымдық және еңбек шарттарында айқындалған әлеуметтік қолдаудың өзге шаралары бөлігінде қосымша жеңілдіктер мен кепілдіктер ұсынудағы жұмыскерлердің құқығын шектемейді.

5. Осы Келісім Басқарма атынан мемлекеттік органға, МҰҚАЗА атынан жұмыс берушілерге және Кәсіподақ филиалы атынан жұмыскерлердің өкілдеріне қолданылады.

Кәсіподақ филиалы, сондай-ақ салалық Кәсіподақтың мүшелері болып табылмайтын жұмыскерлердің мүддесін, олардың жазбаша өтініштері негізінде кәсіподақ мүшелеріне арналған жағдайларда білдіреді.

6. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен және осы Келісіммен салыстырғанда жұмыскерлердің кепілдігін төмендететін келісімнің, ұжымдық,

еңбек шарттарының, жұмыс берушілердің актілерінің ережесі жарамсыз деп танылады және қолдануға жатпайды.

7. Осы Келісім қолданылған кезеңде осы Келісімде белгіленген жағдайларды жақсартатын заңнамалық және басқа да нормативтік құқықтық актілерді қабылдаған жағдайда, олардың ережесі осы шарттарға қолданылады.

8. Келісім Тараптарының бірі қайта ұйымдастырылған жағдайда, құқықтары мен міндеттері оның құқық иегеріне (құқықтық иегерлеріне) ауысады және жаңа Келісім жасалғанға дейін сақталады.

2. САЛАДА ДИАЛОГТЫ ДАМУ ЖӘНЕ ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

9. Саланы тиімді басқаруды қамтамасыз ету, экономикалық қатынастарды жетілдіру және еңбекке ақы төлеу аясында Тараптар өзіне мынадай міндеттерді қабылдайды:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы №176 Жарлығымен бекітілген Денсаулық сақтауды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру, республика халқына медициналық көмек көрсетудің тиімді және қолжетімді жүйесін құру бойынша бірлескен іс-қимылдарды жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы «Ұлттық жоспар – 100 нақты қадам» Бағдарламасына сәйкес міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу бойынша жұмысты жалғастыру;

2) денсаулық сақтау жүйесіндегі бәсекелестікті дамытуға, медициналық қызметтер бойынша тарифтік саясатты жетілдіруге, медициналық қызметтердің сапасын арттыруға, халықты денсаулықты сақтау мәселелері бойынша дәйекті және объективті ақпаратпен қамтамасыз етуге ықпал ету;

3) білім беру, ғылым жүйесін одан әрі жетілдіру және денсаулық сақтау жүйесіне инновациялық технологиялар мен медициналық көмектің озық технологиялары трансфертін енгізу бойынша жұмысты жалғастыру;

4) Басқарманың алқалық органдарының, Кәсіподақ филиалы таңдаған органдарының және МҰҚАЗА отырыстарында денсаулық сақтау жүйесіндегі стратегиялық құжаттарды қарау және оларды іске асыру бойынша іс-қимыл шараларын қабылдау.

10. қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу саласында Тараптар мынаған сүйенеді:

1) Мемлекеттік мекемелердің және қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу «Мемлекеттік бюджет есебінен еңбек ақы төленетін азаматтық қызметкерлердің, ұйым қызметкерлерінің, қазналық кәсіпорын қызметкерлерінің еңбек ақысын төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысына (бұдан әрі – № 1193 Қаулы) сәйкес жүзеге асырылады;

2) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын қызметкерлерінің еңбегін төлеу жүйесі, сыйақы беру жүйесі және басқа да марапаттар аталған мемлекеттік кәсіпорынның еңбекақыны төлеудің анықталған қоры шегі аясындағы ұжымдық келісімшартында көрсетіледі;

3) акционерлік қоғам қызметкерлерінің лауазымдық еңбекақы көлемін анықтау, лауазымдық еңбекақының жеке қосулары, сыйақы көлемін анықтау Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес жүргізіледі.

11. Денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің тарифтік жүктемесінің минималды көлемі «Республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен анықталған көлемнен төмен болмауы керек.

12. Денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің олардың ауыр және зиянды (ерекше зиянды), еңбек жағдайы қауіпті болғанда жасалатын еңбекақысына үстеме жасау олардың ұйымдастыру-құқықтық формасына қарамастан 1193 Қаулыға сәйкес жүргізіледі.

13. Денсаулық сақтау саласындағы дәрігерлері мен орта медициналық қызметкерлеріне ұйым түріне және орналасқан орнына қарамастан үйге кезекшілік анықталуы мүмкін. Жұмыс уақыты нормасы шегінде атқарылған күндізгі және түнгі уақыттағы үйдегі кезекшілікке кеткен әрбір кезекшілік сағаты жарты сағат ретінде есептеледі. Көрсетілген кезекшілікті атқарып отырған қызметкерді ұйымға, оқиға болған орынға науқастың үйіне шақырған жағдайда ол уақыт маманның нақты атқарған уақыты ретінде лауазымдық еңбекақы (жүктеме) есебінен денсаулық сақтау қызметкерінің мерекелік және түнгі уақыттағы еңбегін төлеудің қолданыстағы ережесін сақтау арқылы төленеді.

14. Қызметкердің дұрыс еңбек ету және дұрыс еңбекақы алу құқығын қамтамасыз ететін шаралар кешенін жүзеге асыру мақсатында тараптар мынадай келісім жасады:

1) ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын өзгерткен «кәсіпорын атауынан шаруашылық жүргізу құқығындағы» мемлекеттік кәсіпорынның сондай-ақ сенімгерлікпен басқаруға берілген және мемлекеттік-жекешелік әріптестік компаниялар қызметкерлерінің лауазымдық жүктеме көлеміндегі және негізгі лауазымдық жүктеменің минималды мәнін анықтау және тиісті лауазымдық жалақыдан және азаматтық қызметшілердің қосымша ақысынан төмен емес қосымша ақы көлеміндегі сауықтыруға арналған төлемақыны төлей отырып, ұзақтығы күнтізбелік отыз күннен емес негізгі ақы төленетін еңбек демалысын, оның ішінде 1193 Қаулыға сәйкес ерекше еңбек жағдайы үшін үстемақыны беру құқығын сақтау;

2) Меншік нысанына қарамастан жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын беру барысында сауықтыру төлемін қамтамасыз ету бойынша денсаулық сақтау ұйымының санитарларына, шаруашылық бикелеріне, күтушілерге лауазымдық төлемақы көлемінде сауықтыру төлемін қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылады;

3) Зейнеткерлік жасқа жеткен кезде, еңбек сіңірген демалысқа шығуына байланысты бір мезеттік компенсациялық төлем жасау.

Бір мезеттік компенсациялық төлемнің мөлшері ұжымдық шартпен айқындалады.

15. Қаржылық мүмкіндіктер болған жағдайда, мемлекеттің 100% қатысуы бар акционерлік қоғамның барлық қызметкерлерін лауазымдық еңбекақыдан кем емес сауықтыру төлемдерімен қамтамасыз етуді көздеу.

16. Жан басына шаққандағы қосымша (ынталандырушы) компонент жүйесін (ЖНСК) жетілдіру бойынша шаралар қабылдау және амбулаториялық –емханалық көмек көрсетудің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға және еңбегі үшін қосымша төлемге құқығы бар мамандар тізімін арттыру.

17. Мерекелік және демалыс күндеріндегі жұмысқа ақы төлеу күндізгі (сағаттық) жұмыс жүктемесімен екі есе жүргізіледі.

18. Салының қызметкерлерінің еңбекақысын төлеу саласында мемлекеттік кепілдікті, еңбекақының толықтығын және уақытылы төлем жасалуын жүзеге асыруды қамтамасыз ету.

19. Басқарма:

1) жұмыскерлердің құқықтары мен мүддесін қорғау мақсатында және олардың еңбек және әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге қатысуы мақсатында кәсіподақ өкілдерін Қазақстан Республикасының ұлттық экономикасы министрлігінің 2015 жылғы 20 ақпандағы №113 бұйрығына сәйкес құрылған байқау кеңесіне қосуға (конкурстан тыс рәсім);

2) Кәсіподақ өкілдерін алқалық ұйым құрамына қосу және оларды комиссия жұмысына қатысуға және жұмысшы топтардың әлеуметтік және еңбек қатынастарына қатысты денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық жобаларды қарауға дайындық бойынша жұмысшы топ құрамына қосу, сонымен қатар «ӘМСҚ» КЕАҚ комиссиясының жұмысына Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін көрсету кезінде бақылаушы ретінде қатыстыруға міндеттенеді.

20. Кәсіподақ филиалы және МҰҚазА:

1) Кәсіподақ мүшелерінің сала қызметкерлерінің әлеуметтік-экономикалық және еңбек құқытарын қорғауды қамтамасыз етуге;

2) еңбек қатынастарына қатысты және әлеуметтік-экономикалық мәселелерге қатысты нормативтік құқықтық актілер жобасын қарау мен оны дайындау бойынша жұмысшы топтың немесе комиссия жұмысына қатысуға;

3) Кәсіподақ мүшелері арасында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу бойынша ақпараттық-түсіндірмелік жұмыстарды жалғастыруға;

4) ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Президенттің Жолдауындағы денсаулық сақтау жүйесінің алдына қойылған міндеттерді орындау шеңберіндегі негізгі бес бастаманы жүзеге асыруына қатысуға міндеттенеді.

3. ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ ЖӘНЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУҒА ЫҚПАЛ ЕТУ

21. Тараптар өз өкілеттіктері шегінде өздеріне мына міндеттерді қабылдайды:

1) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының нормаларының, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен республикалық жұмыскерлер бірлестігінің және республикалық жұмыс берушілер бірлестігінің арасындағы

2018-2019 жылдарға арналған Бас Келісімнің, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің, «SENIM» Денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» РҚБ және ОИП және «Ұлттық денсаулық сақтау палатасы» ЗТ 2018-2019 жылдарға арналған Салалық Келісімнің орындалуын бақылауды қамтамасыз ету;

2) әлеуметтік шиеленістің және қауіптердің туындауына мониторинг жүргізу, мониторинг нәтижесін салалық комиссия отырысында қарау;

3) денсаулық сақтаудың кадрлық саясатын жүзеге асыру мәселелерін кешенді түрде шешуді, медициналық қызметкер міндетін қамтамасыз ету, олардың әлеуметтік-еңбек құқықтары мен мүддесін тиімді қорғауды қамтамасыз ету;

4) сотқа дейінгі оперативтік қарау мақсатында жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешу мақсатында денсаулық сақтау ұйымдарында Кәсіподақ және жұмыс берушілер өкілдері арасынан басымдықтылық негізінде келісім және татуластыру комиссиясын құру;

5) сала қызметкерлерінің өздері мәлімеген санатқа сәйкес оқу сағаттарының нормасы шегінде біліктілік деңгейлерін және кәсіби дағыларын арттыруды және мемлекеттік бюджет есебінен немесе Қазақстан Республикасы заңнамасында және Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 118-бабының 4-тармағына сәйкес оқыту шарттарында көзделген іссапар шығыстарын төлей отырып, жұмыс берушінің есебінен бес жылда 1 рет жұмыс орнын сақтай отырып, орташа еңбек ақысын сақтау арқылы, санат алу рәсіміне ақы төлеуді қамтамасыз ету;

6) бір жылдан кейін бала күтімі демалысынан шыққан әйелдерге кәсіби қайта даярлықты және біліктілікті арттыруды қамтамасыз ету;

7) Кәсіподақ өкілдерінің кәсіптік деңгейді анықтау мен кәсіби білімді анықтау бойынша аттестациялық комиссия жұмысына қатысуын қамтамасыз ету;

8) Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 52-бабы 1-тармағының 2) және 4) тармақшаларанда көзделген негіздер бойынша зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған қызметкерлермен, жұмыс беруші және Кәсіподақ өкілдерінен теңдей құрылған комиссияның оң шешімі болмаса еңбек келісімін бұзуға жол бермеу;

9) білім беру орындарында оқитын қызметкерлерге сынақ пен емтихан тапсыру үшін және зертханалық жұмыстарды тапсыруға, диплом дайындау мен диплом (жоба) қорғауға, әскери-оқу резерві даярлығы бағдарламасынан өтуге уақыт беру. Оқу демалысының төлемін ұжымдық келісімшартпен және оқыту келісімшартымен анықтау.

10) «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы Заңын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар әзірлеу, оның ішінде ұрпақтар сабақтастығын, жетекшілік етуді дамытып нақтылау, жастардың денсаулығын сақтау және арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру, дене шынықтырумен және спортпен айналысу үшін жағдай жасау, студенттік форумдар ұйымдастырып өткізу.

22. Жастар арасындағы жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту мақсатында Тараптар мынаған міндеттенеді:

1) Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 30-бабының 3) 4), 5), 6) тармақтарында белгіленген жағдайдан басқа жағдайда жаңадан жұмысқа қосылған жас мамандармен еңбек келісімшартын нақты бір уақытқа екі жыл мерзімге жасауы қамтамасыз ету;

2) он сегіз жасқа толмағандарды жұмысқа қабылдау барысында және техникалық және кәсіби білім алған, ортадан жоғары білім алған, жоғары білім алған және жоғары оқу орынан кейінгі білім алған мамандарды, білім алғаннан кейін оқуды бітірген соң бір жылдан кем емес уақыттан бері бірінші рет мамандығы бойынша жұмысқа қабылданып тұрғандарды жұмысқа қабылдаған жағдайда оларға сынақ мерзімін анықтамау.

23. Денсаулық сақтау Басқармасы мен Қарағанды облысының кәсіпкерлер палатасы:

1) қызмекерлердің әлеуметтік және еңбек құқықтарына қатысты қызметкерлердің актілерін шығару, онда Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 12-бабына сәйкес Кәсіподақтың негізді ойларын есепке алу, оның ішінде:

жұмыспен қамту, даярлау, қайта даярлау және жұмыстан босағандарды жұмысқа орналастыру;

даярылықтан, қайта даярылықтан, біліктілікті арттырудан өткен және оқу мен жұмысты қоса алып жүрген қызметкерлерге кепілдіктер мен жеңілдіктер беру туралы;

еңбек тәртібі қағидалары;

еңбек демалыс кестесі;

ауысым кестесі;

толық емес жұмыс күні кестесін енгізу;

ҚР Еңбек Кодексінің 52-бабының 1-тармағында көзделген негіз бойынша еңбек келісімшартын бұзу:

2) тармақша (санды және қызметкерлер штатын қысқару);

3) тармақша (жұмыс берушінің экономикалық жағдайын төмендететін өндіріс көлемінің төмендеуі);

7) тармақша (сынақ мерзіміндегі теріс нәтижелер);

8) тармақша (бір жұмыс күні ішінде қызметкердің жұмыс орынында себепсіз 3 сағат және одан да көп уақыт болмауы);

16 тармақша (тәртіптік жазаға тартылған қызметкердің қайтадан еңбек қызметі міндетін себепсіз атқармауы);

2) Денсаулық сақтау саласында жұмыс істейтін қызметкерлердің негізсіз қысқаруын болдырмау үшін шаралар қабылдау;

3) қызметкерлер санын немесе штаты қысқарған кезде, Кәсіподақ өкілімен міндетті өзара консультациялар жүргізу және қызметкерлерді жұмыспен қамтуды, әлеуметтік қорғауды қолдау бойынша іс-шаралар әзірлеуге міндеттенеді.

24. Кәсіподақтың міндеттері:

1) жұмыс беруші ауысқан жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен кәсіподақ қайта құрылған жағдайда сала қызметкерлерінің денсаулыққа және қауіпсіз еңбек жағдайына құқығын қамтамасыз ету, жұмыс орнының қысқару негізділігін, құқықтық кепілдіктерінің сақталуын және қызметкердің төлемақы алуын қамтамасыз ету;

2) сотқа дейінгі жеке және ұжымдық еңбек дауларын қарау барысында көмек көрсету;

3) Кәсіподақ мүшелеріне тегін заңдық және консультациялық көмек көрсету және оларды құқықтық қорғауға көмек беру;

4) денсаулық сақтау саласының зайырлы дамуын сақтау бойынша шаралар таңдау мен оны жүзеге асыруға қатысу, оның ішінде инновациялық технологияларды енгізу, ұрпақтар сабақтастығын нығайтып дамыту, медициналық және фармацевтика қызметкерлерінің беделін арттыруға қатысу;

5) Орталық Кеңестегі және Кәсіподақ филиалдарындағы жастармен жұмыс барысында тұрақты әрекет ететін комиссияның жұмысын жандандыру;

6) Келісім жасаған жағдайда және ұжымдық келісім жас мамандардың және оқып жатқан жастардың әлеуметтік-экономикалық және еңбек келісімшартын қорғау бойынша арнайы тарау мазмұнын қарау;

7) Жоғары және орта медициналық білім беру ұйымының студенттеріне Кәсіподақ заңдастырған төлемді жасау (конкурстық негізде) стипендияны төлеуді қамтамасыз ету, республикалық және облыстық кәсіби шеберлік конкурстарында орын алған дәрігерлер мен мейргерлерге сыйақы беруді ұйымдастыру.

4. ЕҢБЕК ПЕН ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ

25. Тараптардың міндеттері:

1) қызметкерлердің денсаулық пен қауіпсіз еңбек ету құқығын қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттың алдын алатын және кәсіби ауруларының алдын алатын қазіргі заманға сай қауіпсіз еңбек ету құралдарын қамтамасыз ету;

2) жыл сайынғы кепілденген қосымша ақылы еңбек демалысын және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №1053 бұйрығына және Өндіріс, цех, кәсіп пен лауазымға және қысқартылған жұмыс күніне құқық беретін ауыр жұмыс (аса ауыр) және (немесе) қауіпті жұмыс тізіміне сәйкес, қауіпті және ауыр еңбек жағдайында жұмыс істейтін қызметкерлердің тізіміне қысқартылған жұмыс күнін қамтамасыз ету ;

3) қызметкерлерге, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы №1019 бұйрығына сәйкес Өндірістік кеңес мүшелерінің және Кәсіподақ өкілдерінің еңбек заңнамасының негізін түсіндіру бойынша және қауіпсіздік пен еңбекті қорғау мәселесі бойынша келісім жүргізу ептілігін дамыту және еңбек дауларында консенсуска қолжеткізуге, үнемі нұсқаулықтар жүргізу арқылы және басшылардың білімін тексеру, үнемі ведомствалық

бағынысты қызметкерлерге нұсқаулықтар беру, оқыту тренингілерін енгізу арқылы оқыту жүйесін жетілдіру, оң тәжірибені зерттеп оны тарату;

4) қуіпсіздік пен еңбекті қорғау бойынша толыққанды қаржыландыру шараларын қабылдау, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Денсаулық және әлеуметтік қорғау министрлігінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №1054 бұйрығына сәйкес қызметкерлерді арнайы аяқкиіммен және басқа да жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау;

5) өндірістік жарақаттың алдын алу бойынша шаралар қабылдау, оның ішінде қызметкерлерді бақытсыздық жағдайының сақтандыру бойынша, өндірістегі бақытсыздық жағдайды қолданыстағы заңнамаға сәйкес уақытылы зерттеу бойынша шаралар қабылдау;

6) әлеуметтік маңызды аурулар бойынша, оның ішінде адамның иммунодефициті тапшылығы вирусы (АИТВ), В және С гепатиті, туберкулез ауруларының алдын алу бойынша шаралар қабылдау. АИТВ/ЖИТС және еңбек саласы туралы Еңбекті ұйымдастыру халықаралық ұйымының ұсынымын жылжыту бойынша шаралар қабылдау;

7) еңбекті қорғаудың шығыны көп болып табылатын өтемақылықтан кәсіби тәуекелді басқарудың қазіргі сай еңбекті қорғау кәсіби тәуекелді басқару жүйесіне ауысудың тұжырымдық өзгертулеріне бағытталған салалық жаңа қауіпсіздік пен еңбекті қорғау стратегиясын жасау мен оны енгізу бойынша консультациялар беру;

8) қала мен ауылдағы қызметкерлерге жұмысқа бару сипатымен байланысы көлік шығындарын қайтару бойынша шаралар қабылдау.

9) ауылдық жерлерде жұмыс істейтін медициналық қызметкерлерге отын мен коммуналдық қызмет шығындарын толық қайтаруға қол жеткізу;

10) «Өндірістердің, жұмыстардың, пайдасына міндетті кәсіптік зенетақы жарналарын төлеу жөнінегі агенттер меншікті қаражаты есебінен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын жүзеге асыратын, еңбек жағдайлары зиянды жұмыстармен айналысатын жұмыскерлер кәсіптерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы №1562 қаулысына сәйкес міндетті кәсіби зейнеткерлік жарнасын төлеуді қамтамасыз ету;

11) «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 ақпандағы Заңына сәйкес қызметкерлерді жұмыс (қызметті) атқару барысындағы жазатайым оқиғадан сақтандыруға және медициналық қызметкердің ұқыпсыздықпен немесе олқылық жасап денсаулыққа зиян келтіргені үшін кәсіби жауапкершілікке тартуы ықпал ету;

12) Саланың медициналық қызметкерлерін өз қаражаты есебінен В және С вирустық гепатитінің қауіп тобына зерттелуін қамтамасыз ету, сонымен қатар кәсіби аурулардың Мемлекеттік тіркелімін қалыптастыру кезінде, оған аталған ауруды қосуды қамтамасыз ету;

13) сала қызметкерлеріне тегін медициналық көмегінің кепілденген көлемі барысында скринингілік зерттеуден өтуді қамтамасыз ету;

14) еңбекті қорғау мен қауіпсіздік, өндірістік ауруларды салалық және әлеуметтік серіктестік бойынша комиссия отырысында қарастыру және қарау нәтижесі бойынша шаралар қабылдау.

26. Басқарма және МҰҚазА міндеттері:

1) жұмыс міндеттерін атқару барысында сонымен қатар қоғамдық жұмыстарды атқару барысында қызметкердің өміріне және (немесе) денсаулығына зиян келген жағдайда, қызметкерге Қазақстан Республикасы азаматтық заңнамасында қарастырылғандай келтірілген зиянға толық көлемде келтірілген зиянның орнын толтыру;

2) юблыстық бюджетті құру барысында қауіпсіздік пен еңбекті қорғау бойынша шаралардың қаржыландырылуын есепке алу, оның ішінде жұмыскерлерге арнайы киім сатып алуды, арнайы тамақпен үздіксіз қамтамасыз етуді еңбек бойынша уәкілетті органның тізіміне сәйкес Қазақстан Республикасының Еңбек Кодекінің 125-бабына сәйкес қаржылындырылуын есепке алу, аталған шығындарды жергілікті бюджет есебінен қаржыландыру.

27. Кәсіподақтың міндеттері:

1) қызметкерлердің еңбек міндеттерін атқыру барысындағы міндеттерін орындау бойынша және еңбекті қорғау мен құқықтық мәдениетті арттыру, өндірістік жарақатты төмендету мен кәсіптік ауруларды төмендету бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

2) денсаулық сақтау ұйымдарында қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету арқылы, қызметкерге еңбек міндетін атқару барысында келтірілген зиянның орнын қолданыстағы заңнамаға сәйкес уақытылы және толық толтыру арқылы еңбек заңнамасын ұстану арқылы тиімді қоғамдық бақылауды жүзеге асыру;

3) қауіпсіздік пен еңбекті қорғау мен қауіпсіздік пен еңбекті қорғау саласындағы заңнама талаптарын қамтамасыз ету бойынша, өндірістік жарақаттың және кәсіби аурулардың алдын алудың бірлескен әрекеттері аясында Өндірістік кеңестің жұмыс тиімділігін қолдау;

4) өндірісте зардап шеккен Кәсіпорын мүшелеріне құқықтық және материалдық көмек беру;

5) салауатты өмір салтын насияттау бойынша жұмыстар жүргізу, медициналық көрсеткіштері бойынша сауықтыруды қажет ететін, кәсіподақ мүшесі болып табылатын қызметкерлерге санаториялық-курорттық емді қамтамасыз ету, сонымен қатар олардың балаларын сауықтыру бойынша жеңілдетілген жолдамалар беру.

5. КӘСІПОДАҚТЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ КЕПІЛДІК БЕРУ

28. Тараптар міндеттенеді:

1) заңмен кепілденген қызметкерлердің әлеуметтік, еңбек және басқа да құқықтар мен бостандықтарын шектеуге жол бермеу, оларды қай қызметкерді болса да оның Кәсіподаққа мүшелігіне байланысты немесе кәсіподақ қызметіне қатысуына байланысты мәжбүрлеу, жұмыстан шығару және басқа да әсер ерту түрлеріне жол бермеу;

2) Кәсіподақтың және оның саладағы ұйымдық құрылымының әрекетінің кепілдігі мен анықталған құқықтарын сақтау бойынша шаралар қабылдау;

3) сала ұйымдарында Кәсіподақтың бастапқы қызметтерін ұйымдастыру бойынша қайтарымсыз қолдануға тұрғынжай, жиһаз, байланыс құралдарын және басқа да ұйым техникаларын, сонымен қатар жергілікті тұрғындарға қолжетімді ақпаратты орналастыру мүмкіндігін ұсынады;

4) алға қойған мақсаттарды жүзеге асыру және заңнамалық құқықтарды жүзеге асыру үшін анықталған кәсіподақ ұйымдары өкілдеріне Кәсіподақ мүшелері жұмыс істейтін ұйымдарға кедергісіз кіруге рұқсарт беру;

5) еңбек жағдайы, еңбекақы мен тұрғынүй-тұрмыстық қызмет бойынша, қоғамдық тамақтану кәсіподақ жұмысы бойынша, қызметкерлердің өмір сүру жағдайы және басқа да әлеуметтік-экономикалық мәселелері жөнінде т кәсіподақ ұйымдарына сұратулары бойынша мәліметтер мен түсініктемелер беру;

6) жұмыс берушінің өкілдерінің кәсіподақ ұйымы қызметтеріне араласуын болдырмау үшін қажетті шаралар қабылдау, сонымен қатар жұмысқа кедергі келтіруге жол бермеу;

7) негізгі жұмысынан босатылмаған сайланған кәсіподақ ұйымы мүшелерінің жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыстан шығару, сонымен қатар оларды тәртіптік жазаға тарту өзі мүшесі болып табылатын кәсіподақ ұйымының негізделген көзқарасы арқылы ғана жүргізіледі;

8) негізгі жұмысынан босатылмаған басшыны (төрағаны) жұмыс берушінің бастамасымен жұмыстан босату, және оған тәртіптік жаза салу жоғарғы кәсіподақ ұйымының негізделген көзқарасы бойынша ғана жүргізіледі, заңды тұлғаны жою немесе жұмыс берушінің қызметінің тоқтауынан басқа жағдайда;

9) Кәсіподақ мүшелеріне жұмыс уақытында Кәсіподақтың жарғысымен анықталған мерзімде жұмыс өткізу құқығын беру;

10) жұмыстан босатылмаған кәсіподақ қызметкерлеріне, оның ішінде еңбекті қорғау бойынша техникалық инспекторларға ұжым мүддесіне қоғамдық міндетті орындау үшін орташа еңбекақысын сақтау арқылы мүмкіндік беру. Аталған уақыттың нақты ұзақтығы ұжымдық келісімшартпен анықталады.

11) Кәсіподақ мүшелері кәсіптік оқу барысында, Кәсіподақ шағырған съезд (конференция) барысында өздерінің қоғамдық міндеттерін орындау үшін, сонымен қатар сайлау жұмыстары барысында орташа еңбекақысы сақтау арқылы негізгі жұмысынан босатылады.

12) Кәсіподақ мүшесі болып табылатын қызметкердің айына 1 рет келесі айдың алғашқы онкүндігінен кешіктірілмеген уақыттағы жазбаша өтініші арқылы жұмыс берушілер жергілікті орындардағы жеке шотына барлық еңбекақы түрлерінен толық көлемде мүшелік кәсіби жарнаны аударады.

6. ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІКТІ ДАМУ

29. Тараптардың міндеттері:

1) саланың ұйымы және органдарының барлық деңгейлерінде әрі қарай даму мен әлеуметтік серіктестіктің принциптерін жетілдіру, жасалған келісімшарт пен ұжымдық келісімшарт тиімділігін арттыру;

2) бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде салалық және кәсіподақтың баспаларында, Тараптардың ресми сайттарында аталған Келісім шарттарының орындалу жағдайларын жариялау;

3) қызметкерлердің еңбек, әлеуметтік-экономикалық және кәсіби мүддесіне қатысты болашақтағы жоспар туралы бір-біріне толық және уақытылы ақпараттар жолдау;

4) денсаулық сақтау ұйымдарына келісімшарт жасау және ұжымдық келісімшарт жасау бойынша ұйымдастырушылықтық және әдістемелік көмек көрсету;

5) Тараптардың қабылдаған міндеттерін жүзеге асыруды бақылау. Салалық Келісімінің орындалу барысын салалық комиссия отырысында қарау;

6) Әлеуметтік серіктестік аясында әлеуметтік-еңбек дауларын және көтерілістердің алдын алу бойынша шаралар жасау;

7) Мына мәселелерді қарастыру:

келісімді, ұжымдық келісімшарт жасау мен оны қабылдау үшін бақылаушы топ қызметін және оның құзырын құру туралы;

қауіпсіздік пен еңбекті қорғау бойынша Кеңестің қызметін құру ережесі туралы;

кадрлық әлеуеттілік пен біліктілікті дамыту бойынша координациялық орталық қызметін құру ережесі туралы;

ұжымдық еңбек дауларын шешу мен оның алдын алу бойынша Кеңес қызметін құру туралы;

салалық біліктілік аясын бекіту ережесі туралы.

Осы Келісімге әлеуметтік серіктестік бойынша және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеуге байланысты толықтырулар мен өзгертулер енгізу бойынша келіссөз жүргізу.

Салалық комиссия құрамы Тараптар жеке басымдықты негізде Тарап өкілдері арасынан анықталады.

Комиссия туралы ереже, оның жұмыс реті салалық комиссия отырысында анықталады.

Келісімге өзгертулер мен толықтырулар енгізу барысында өзгертулер мен толықтырулар енгізуді бастаушы Тарап екінші Тарапқа келіссөз жүргізу қажеттігі туралы жазбаша хабар жібереді.

7. КЕЛІСІМНІҢ ӘРЕКЕТ ЕТУІ ЖӘНЕ ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫ БАҚЫЛАУ

30. Тараптар төмендегі келісімді жасады:

1) Тараптар Келісімге қол қойғаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде оны ресми түрде жариялайды және ұйым басшылары мен денсаулық сақтау ұйымы басшыларына, Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелеріне, Ұлттық денсаулық сақтаудың палатасына бір ай ішінде мәлімдейді және қабылдаған шешімді жүзеге асыру бойынша іс-шаралар әзірлейді. Әрбір Тарап өз уәкілеттігі шегінде

жауапкершілігін мойындап және туындаған мәселені шешу бойынша өзара іс-қимыл жасауға міндеттенеді;

2) Тараптардың ешқайсысы да Келісімде анықталған іс-қимыл мерзімінде өзіне қабылдаған міндетті өзгертуге оны орындауды тоқтатуға құқысы жоқ. Оған өзгерту енгізу мен оны толықтыру тараптардың өзара келісімі арқылы жүргізіледі;

3) Қабылданған міндетті орындауды бақылауды Келісім тараптары және олардың өкілдері жүзеге асырады, сонымен қатар әлеуметтік серіктестік бойынша салалық және еңбек қатынастары бойынша салалық комиссия жүзеге асырады. Бақылау жүргізу үшін Тараптар оны орындау бойынша жыл сайын бір-біріне толық нақты ақпараттар жолдайды.

Келісімшарт орындалмаған жағдайда мүдделі тұлғалар салалық комиссияға немесе Келісімге қол қойған тікелей басшыны жазбаша түрде ескертеді. Тараптар ұсынылған ақпаратқа талқылау жасайды және тиісті шешім қабылдайды.

4) Осы Келісім оған қол қойған уақыттан бастап күшіне енеді және жаңа келісімшарт қабылдағанға дейін қолданыста болады, алайда 2019 жылдың қыркүйек айынан кешіктірілмейді.

Қарағанды қаласында, 2018 жыл _____ жасалды, 8 дана мемлекеттік және орыс тілінде. Қол қоюға қатысушының әрқайсысына бір Келісімнен берілді.

Аталған салылық Келісімшартқа қол қойғандар:

«Қарағанды облысының Денсаулық сақтау басқармасы» ММ басшысы



Е. Нұрлыбаев

«Медициналық Ұйымдардың Қазақстандық Альянсы» РҚБ ҚОФ Директоры



Қ. Мабиев

«SENIM» Денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы РҚБ ҚОФ Төрағасы



Н. Бидайбаев

Қарағанды Республикасының Судья және Қолтап
Мемлекеттік қорғау министрлігіне
2018 жылғы 29 қараша №76 тіркелімі

Ш. Құдайбергали